

8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шашаева Малика Аuezханкызының «ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кенестік қоғамның әлеуметтікмәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша ШКІРІ

Р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шашаева Малика Аuezханкызының«ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кенестік қоғамның әлеуметтікмәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» аттыдиссертациялық жұмысымемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.Атап айтқанда:«ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама» ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) «Ғылым» жөніндегі 3 тараудың мақсаттарына сәйкес келеді.Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне;
	1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді		М.А.Шашаеваныңдиссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: -мемлекет бюджетінен қаржыландырылған жобаларда орындаушы ретінде зерттеулер жүргізген; - «ХХ ғ. 20-30 жж. дәстүрлі казак қоғамын жанғрту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесі»; - «Қазақстандағы мұсылман және православ миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (ХІХ-ХХ ғғ. басы)»; - «ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың атартушылық қызметі».

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мен модернизациясы кезеңіндегі қазақ әйелдерінің жағдайын толық ашады. Зерттеуде XX ғасырдың 20-30-шы жылдары кеңес өкіметінің жүргізген әлеуметтік-мәдени реформаларының қоғамдық және мемлекеттік жұмыстарға әйелдерді тартуға ықпалы бұрынғылар ғылыми айналымға түспеген деректермен көрсетілген. Әйелдер мәселесіне қатысты зерттеулер мен диссертациялар бар. Бірақ онда әйел мәселесі жеке бағыттарда зерттеліп, әйел жағдайы кеңес өкіметі саясатындағы реформалармен байланыстылығы терең зерттелмеген. Диссертант зерттеу де қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен реформалық іс-шаралар нәтижесінде әйелдердің қоғамдағы, отбасындағы мәртебесінің өзгерісін маңызды деректермен нақты көрсетеді. Оның қолданылып отырған деректерінің кейбір бөлігі ғылыми айналымға көп енген деректер. Жалпы, диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады. Ғылыми жұмыстың мақсатқа жетудегі құрылымы тақырыптың мазмұнын толығымен ашады. Мазмұнын баяндау желісі жүйесі, зерттеудегі ғылыми тұжырымдары дәлелді. Диссертация тақырыбының маңызы ашылған, қолданбалық нәтижелері өзекті. Ғылыми жұмыстың берген тұжырымдары мен қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. 2.1 Ғылымға үлесін қосады, тақырыптың маңыздылығы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ұсынылып отырған диссертацияның Шлашаева Малика Ауезханқызы өзі жазған және жазылуы деңгейі жоғары. Себебі, жұмыста келтірілген тарихи деректер берілген түсініктерді дәйектейді, сондықтан да жүйесі, тақырыпқа қатысты ғылыми пайымдаулар мен ұғымдарға талдау жасалып, берілген қорытындылар белгілі үйлесімділікте тұжырымдалған, міндеттерді жүзеге асырудағы берілген пайымдауларға тиісті тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. 3.1 Жазу стилі үйлесімді, деңгейі жоғары.

4	Ішкі бірлік 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделген. Тарихнамалық талдау барысында таңдалған тақырыптың өзектілігі айқындалған. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ақ, өткен тарихына сын көзбен қарай отырып, қай кезеңдегі мемлекетте болмасын жүзеге асырылған саяси, әлеуметтік –мәдени реформалардың қоғамға, жалпы халыққа, оның ішінде әйел өміріне енген өзгерістерді, яғни трансформациялану үдерістерін зерттеуді назардан тыс қалдырған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда диссертанттың зерттеу жұмысы тарихымыздың ақтандақтарының орын толтыруда өзекті тақырыптың бірі. Тақырыптың өзектілігінің негізі мынада: Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жүзеге асырған әлеуметтік-мәдени трансформациясының нәтижесіне қарай әйелдерінің қоғамда, мемлекеттік ұйымдардың жұмысына қатысуда, отбасылық қатынастарда белсенділік көрсетуі жанағай деректермен айшықты көрініс тапқан; кеңес өкіметінің саяси, әлеуметтік, экономикалық құрылымының өзгермелі жағдайындағы «әйел мәселесін» шешудің динамикасының ерекшелігін көрсететін мұндай зерттеулер мемлекеттің жаңа ұлттық мәдени құндылықтарын қоғамда қалыптастыруға, күрделі кезеңде жаңа тұлға, жалпы отбасын құрудағы мемлекет қыпалының деңгейін анықтауға көмектеседі. Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы қоғам мен әйел, әйелдердің білімге, еңбекқатарылуы елдің дамуына қаншалықты әсер еткенін тарихи тұрғыдан анықтау аса өзекті болып табылатыны негізделген. 4.1.1 Диссертация өзектілігі негізделген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындалды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындалмайды. Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Мазмұнын ашу үшін құрылған жоспары үйлесімді, сабақтас. Диссертация жұмысы: Белгілеулер мен қысқартулар, Кіріспеден, 3 тараудан, ол бірнеше тараудан құралған, Қортындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімі мен Қосымшадан тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтінінің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер қисынды. Диссертацияның тараушалары логика тұрғысынан бір-бірімен
---	--	---

		бағаланған: 1)сыни талдау бар; 2)талдау ішінара жүргізілген; 3)талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	белгілі бір жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеуде және оның нәтижелерін тұжырымды баяндауда таңдалған әдістер бір-бірімен байланыста және үйлесімді қолданылған.Диссертация жұмысының нәтижелері дереккөздер меннегізгі әдебиеттерге тікелей жүйелі, сыни талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.Теориялық концепцияларға сүйеніп, қорытындылар, анықталған өзара байланыстағы қағидаттар дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған,зандылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған.Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 4.5.1 Берілген басқа да авторлардың тұжырымдарын талдай отырып, өз пікірін де бере білген. Сыни талдау бар.
5	Ғылыми жанашылдық принципі	5.1.Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған қағидалардың барлығы жаңа. - Зерттеу барысында алынған бірінші нәтиже жаңа. Қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының теориялық методологиялық негіздемесіне сүйеніп, зерттеудің әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары айқындалған, қазақ әйелдері мәселесінің тарихнамалық талдануы жүйеленіп, зерттеу жұмысының кейбір деректері алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, кешенді зерттеу көзіне айналған; - Екінші нәтиже жаңа. Бұл нәтиже осы зерттеу барысында алынған бірінші нәтижемен сабақтас, логикалық жалғасы болып табылады. XX ғасырдың 20-30 жж. Кеңестік Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-мәдени трансформацияныңқазақ әйелдерінің мәртебесіне, олардың қоғамда орнын анықтауға ықпалы айқындалған. Кеңестік өкіметте «жаңа әйел» бейнесін қалыптастыру мақсатындағы әлеуметтік-мәдени трансформацияларды жүзеге асырудың тетіктері сараланған. Бұл үшін қазақ әйелдерінің қоғамдағы белсенділігі мен кәсіби біліктілігін арттыру үшін құрылған мемлекеттік, қоғамдық

		Ұйымдар жөніндегі деректер талданған. Мерзімдік баспасөздерде қазақ әйелдері жөнінде жарияланған деректер талданған, соның негізінде XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әйелдерінің білім, мәдениет, кәсіп саласындағы белсенділігі және Кеңестік Қазақстанның ішкі саясатындағы әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына, мәртебесіне әсері деңгейі нақтыланған; - Үшінші нәтиженің жаңалығы - Кеңес өкіметінің саяси және экономикалық жаңғыруларының қазақ қоғамындағы әйелдер өмірінің өзгеруіне ықпалы айқындалған. Бұл үшін Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдердің ауыр тағдыры, Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға қазақ әйелдерінің тартылуы және саяси құтын-сүргінінің қазақ әйелдерінің кәсіретті тағдырына тиізіген салдары, отбасындағы орны қандай болғаны нақты деректермен негізделген. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Диссертацияда алынған тұжырымдар мен қорытындылар жаңа. Зерттеуде жасалынған қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды деректермен дәлелденіп, өз тұжырымдарын бере білген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қатіпдаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты ішінара жаңа (25-75% жаңа); Диссертациялық жұмыс гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген, сондықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды қажет етпейді.

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (күолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық негізгі қорытындылар нақты деректермен дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған. Қорытындыларда келтірілген деректер ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ие; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ие; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Колдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) ие; 2) жоқ	Зерттеуші диссертациялық жұмыста келтірген тұжырымдарға қатысты негізгі қорытындылары маңызды деректермен дәйектелген, ғылыми тұрғыдан сенімді, қорытынды дәлелдемелерге негізделген. Диссертацияда зерттеуші келтірілген әрбір тұжырымдар деректермен дәлелденген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. 1 Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым: Зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және методологиялық концепцияларын, осы тақырыппен байланысты зерттеулерді талдау нәтижесінде жаңа қоғамдағы әлеуметтік-мәдени трансформацияның халыққа, атап айтқанда қоғамдағы орнына, оның ішінде әйелдер жағдайына да әсер ететіндігі айқындалды, мысалы - қазақтың дәстүрлі ұстанымдары «ескінін қалдығы» ретінде саналып, «жаңа типтегі» кеңестік әйелдерді қалыптастырудағы реформаларға талдау жасалады, олардың әйел мәртебесін көтерудегі артықшылықтары мен олқылықтары жөнінде тұжырым жасалған; Диссертацияда Кеңестік биліктің жүргізген реформаларының тарихи-партиялық, насихаттық нұсқаулардың қарқынды нәтижесінде қазақ қоғамында белсенді, білікті әйелдердің қалыптасқандығы сараланып, анықталды. Әйелдердің сауаттылығы мен белсенділігін көтеруде жаңадан құрылған мерзімдік баспасөз газет, журналдардың рөлі нақтыланды. Қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы қазақ әйелдерінің теңдігін, қоғамға әлеуметтенуін, саяси, әлеуметтік-мәдени салалардағы қазақ әйелдерінің белсенділігін оятып, еңбекке тартылуына ықпал еткендігі, еліміз басынан өткерген саяси тарихи құбылыстар кезеңіндегі әйелдер жағдайының өзгерісі жан-жақты жүйеленіп, талданып нақты деректермен дәлелденді. 7.1. Дәлелденді

	3)бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.
7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кен 7.5. Иә Екіншітұжырым:Диссертант XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кенестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мен модернизациясы кезеңіндегі қазақ әйелдері жағдайының тарихына қатысты еңбектерді жүйелеп,тарихнамалық талдау жасап, тек Қазақстанның ғана емес, басқа да елдердегі мысалы Ресейдегі архивтерден бұрын ғылыми айналымға түспеген түп-деректер жарияланған жинақтармен құжаттарды зерделең, тақырып бойынша тың көзқарастар мен пайымдауларды екшең, жүйелі жұмыс жасаған.Тақырыпты зерттеуде жан-жақты тарихи талдауға мүмкіндік берген дерек көздер ретінде отандық және ресейлік архив қорларының материалдары, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Президент Архиві (ҚРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА),Ақмола облыстық архиві, Астана мемлекеттік қалалық архиві,Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА), Ресей Мемлекеттік кинофотофономатериалдар архиві (РМКФФМА), т.б қолданылған: 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кен 7.5. Иә Үшіншітұжырым. Жасалған тұжырым жаңа болып табылады. Кенес өкіметі әйел теңдігіне қатысты неке жасын бөлілеу, қалың малды жою, қазақ әйелдерінің намысын қорғау, т.б. мәселелерге қатысты жүргізілген саясат нәтижесінде отбасы институттарының құрылымы ғана емес, бүкіл халықтың дәстүрлі әлеуметтік қатынастар	

жүйесінің өзгеріске ұшырағаны тікелей өкімет құжаттарымен дәлелденген. Онан басқа әйелдердің социалистік құрылысқа белсенді ат салысуы үшін де қоғамдық-әлеуметтік ұйымдардың ашылғандығы, ұйымдардың әйелдердің сауатын ашуда, қоғамдық еңбек пен өндірістік жұмыстарға ерлермен бірдей еңбек етуге тартылғандығы деректермен дәйектелді, бірақ ХХ ғ. 20-30 жж. қазақ әйелдерінің белсенділігі әлі де төмен екендігі айқындалды. Сондай ақ, әйелдерді жұмысқа тарту мәселесін шешуде Кенестік жүйе түрлі курстар ашып, балаларға қамқорлық жасау, мәселелері де жан-жақты талданған. Әйелдердің тұрмысы мен еңбек жағдайын зерттеу, сонымен бірге әйелдердің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық және құқықтық мәселелері мен қоғамдағы әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында әйелдердің еңбегі мен тұрмыстық жағдайын ұйымдастыру мақсатында құрылған комиссия жұмыстары да деректер арқылы дәйектенді.

7.1. Дәлелденді

7.2. Тривиалды емес

7.3. Қағидағтар жаңа

7.4. Қолдану деңгейі кең

7.5. Иә

Төртінші тұжырым қолданыс аясын негіздейді. Зерттеу нәтижелерін Қазіргі заман тарихының әйелдер мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. Диссертация материалдарын талдау деректердегі мағлұматтардың шынайылық дәрежесін, ғылыми танымдық маңызын анықтау мақсатында жүргізілді. Сол себепті алынған нәтижелер тарих мамандығын тандаған студенттерге «Қазақстан тарихы» пәні бойынша дерек ретінде, «Қазақстан тарихының тарихнамасы» мен әйел тақырыбындағы арнайы ғылыми зерттеу пәндерінен көмекші құрал бола алады. Сол сияқты зерттеуді тарих, әлеуметтану факультеттерінде студенттердің қолданбалық, өзіндік жұмыстарында қосалқы материал ретінде және арнайы курстарды оқытуда да пайдалану қажеттілігі ғылыми негізделді.

7.1. Дәлелденді

		7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидастар жана 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Бесінші тұжырым макалалар арқылы апробация жасалуы туралы. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 8 мақала негізінде жарық көрген. Соның ішінде 4 мақала ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында, 3 отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында және 1 мақала Scopus базасында тіркелген журналда сынан өтті. Арнайы ҚР Гранттық жобада (3 жобада) орындаушы ретінде тәжірибе жинақтаған. Диссертация тақырыбына сәйкес мақала материалы Ұжымдық монографияның 1 параграфы ретінде баспадан жарық көрген (Қазақстандағы 1920 - 1930 жылдардағы қоғамдық негізде ағартушылық қызмет атқарған ұйымдардың тарихы – Алматы: ИП «Радуга», 2023. – 341 бет.). 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидастар жана 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә
8 Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияны жазуда қолданылған әдіснама негізделген. Әдіснамада басты қағида қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни талдау және тарихилық принцип негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы тақырыпқа қатысты деректер жинау, жүйелеу, топтау, оны талдау әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, тарихи құбылысты салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдерді қолдана отырып жазылған. Зерттеуде <i>тарихилық қағида</i> негізінде кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде жүргізілген саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени реформалардың жүзеге асуы,

		оның қоғамға, әйел жағдайына, мәртебесіне ықпалын ашудағы объективті және субъективті тарихи факторлардың ықпалы айқындалған. <i>Жүйелілікәдісті</i> негізге алып, кенестік Қазақстан тұсындағы әлеуметтік-мәдени трансформациялар хронологиялық жағынан қабыстырылған және оның әйел мәртебесін өзгертудегі орны сарапталған. Диссертацияда <i>тарихи-салыстырмалық әдіс-тәсілі</i> деқолданылған. Оның негізінде казак әйелдерінің саяси, әлеуметтік-мәдени мәртебесінің өзгерісіндегі ерекшеліктер зерделенген. Басқа да тарихи әдіснамалардықолдана отырып, әртүрлі тұжырымдамалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын зерделеуге бағытталған.
8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1)иә; 2) жоқ	Диссертация тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық жұмыстың соңында берілген қосымшада пайдаланылған суреттерді ЖИ арқылу өңдеуді есептегенде, диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған.	1.Ия
8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даурлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1)иә; 2) жоқ.	Зерттеуде ізденуші тақырыпқа қатысты шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық тұжырымдамаларын негізге ала отырып, өз бетінше ғылыми теориялық қорытындылар жасай білген. Зерттеудің мазмұнын ашу мақсатында да бұрынғы ғылыми айналымға түспеген деректерді қолдана отырып, алдыңғы зерттеулерде қарастырылмаған мәселелерге көңіл бөлен. Бұл да зерттеушінің теориялық білімі, методологиялық ұстанымы мен деректердің жіктелуіне және фактілерді жүйелеуіне шамасы жететін кәсіби біліктілігін көрсетеді. Тарих ғылымындағы қазіргі әдістемеле тарихи фактілер мен тарихиоқиғалар көрінісі жеке адамдар мен қауымдастықтардың немесе билік органдары құрылымының бірлескен әлеуметтік әрекетін іске асыру ретінде қарастырылады.Диссертанттыңқолданған әдістері тақырыптың	

		мазмұнын ашуға бағытталған кешенді, біртұтастық сипатқа ие және жашылама ортақ бағытталуымен ерекшеленеді. Зерттеуде жүйелеу, тақырып мазмұнының ішкі ұйысуы, дәлелденген қорытындылар мен алынған нәтижелер зерттеудің ғылыми жетістігі болып саналады. Тақырыптың мазмұнын ашуға қатысты зерттеулер мен деректер жиынтығы жүйеленген. Бұл теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, деректер мен мәліметтерді орынды қолданғандығын, нәтижеде өз пайымдауларын қоса шығармашылық синтез негізінде зерттелгендігін көрсетеді. Алынған тұжырымдар, зерттеуден тарихи өлшемдердің тереңдігі мен зерттеу құралдарын және зерттеу нысанын талдауда оның мәнін терең ұғынууды талап етеді және сол орындалғанда ғана қолжетімді болады. Сондықтан зерттеуші, қазіргі тарихнамадағы ең маңызды әдіснамалық міндеттерді: тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықтың анықталуын, негізгі тарихнамалық фактілердің іріктеу критерийлерінің нақтылануын, тарихнамалық талдау мен дереккезі арақатынасын құрудың, тарихтың объективтілігін анықтаудың, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы тарихшылар мен олардың еңбектерінің үлесін, сондай-ақ тарихтың даму кезеңдері критерийлерін анықтаудың бағыттарын негіздей алған. 1. Ис Шетелдік және отандық архив деректерін талдау нәтижесінде, XX ғ. 20-30 жж. казак әйелдерінің қоғамға әлеуметтенуі, оны жүзеге асыруда түрлі мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, «Әйелдер бөлімі» (Женотдел), т.б. ұйымдардың жұмысы маңызды деректермен, ғылыми зерттеулермен нақтыланды. Нәтижеде казак әйелдерінің қоғамдық және мемлекеттік жұмыстарға тартылуы мәселесі, ондағы прогрессивтілік пен көрнектілігінің соң замандағы маңыздылығы анықталды. Әйелдердің әлеуметтенуіне ықпал еткен өзіндік жаңашыл үрдістері саяси, мәдени идеяларды насихаттау бағытының берік ұстанған «Айқап», «Қазақ», «Ақ жол», «Сарыарқа» және т.б. газет-журналдарының казак қоғамын трансформациялауда және теңсіздіктен күрес құралы ретінде рөл атқарғаны
	8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	

		тұжырымдалған.Зерттеудің мазмұнында келтірілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Берілген әдебиеттер тізімі талапқа сай рәсімделген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	М.Ә. Шашаеваның диссертациясында209 әдебиет пайдаланылған. Онда: Шетелдік және Отандық архив қорлары, арнайы архив материалдарының жинақтары, мемлекеттік мекемелер қаулылары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, фотоматериалдар мен кітапханада қорларындағы сирек қолжазбаларкеңінен пайдаланылған. Сондықтан пайдаланылған әдебиеттері әдеби шолға жеткілікті деп санаймын. 8.5.1 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті
9 Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1)бар; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу методологиясы объективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаларға негізделген. Диссертацияның теориялық негізі шетелдік зерттеушілердің «Трансформация», «Модернизация» «Тарихи феминология», «Гендерная психология», т.б. ұғымдардың мәнін ашудың концепцияларына сүйенген. Әдіснамалық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағидалардың теориялық базасы негізге алынды. Зерттеуде ғылыми ізденістің жашпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды. Сондай ақ әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алған. 9.1.1бар
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1)иә;	Диссертацияда көрсетілгенқағидалар мен берілген тұжырымдардың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін кенес дәуіріндегі актандақтарды ашуға, ЖОО арнайы курстар ашуға, Қазіргі заман

	2) жоқ.	тарихының әйелдер мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. 9.2.1 Иә
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1)толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда **практикалық манызы бар және алынған нәтижелердің практикада қолданылу мүмкіндігі жоғары. Зерттеуде көрсетілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 9.3.1 Иә
10	Жазу және ресімдеу сапасы Академиялық жазу сапасы: 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4) төмен.	М.А. Шашаеваның диссертация жұмысының жазу стилі және зерттеуді ғылыми-ақпараттық тәсілмен ресімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. 10.1 Академиялық жазу сапасыжоғары
11	Диссертацияға ескертулер	М.А. Шашаеваның зерттеу жұмысына қатысты манызды сын-пікірлер жоқ, жұмыс жоғары ғылыми деңгейде жазылған.Диссертантка ұсыныс ретіндеосы диссертациялық зерттеумен«Жас ғалымдарға» арналған гранттық ғылыми жоба дайындаса деген тілек. Жоғарыдағы айтылған ескертпе М.А. Шашаеваның диссертациялық жұмысынанұқсан келтірмейді, берілген оң бағаны еш төмендетпейді.
12	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы	М.А. Шашаеваның зерттеу жұмысы бойынша жарияланған ғылыми макалаларының ғылыми деңгейі жоғары . Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 8 макала жарияланған. -КР БҒМ БҒСБК журналдарында - 4, - Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында- 3, - Scopus базасында тіркелген журналда 1 мақаласы сыннан өткен. Диссертация тақырыбына сәйкес мақала материалы Ұжымдық монографияның 1 параграфы ретінде баспадан жарық көрген.Жарияланған макалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты.

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерттейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		8D020300 – Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған М.А. Шапаеваның «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кенестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатындықсертификациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін сондықтан(PhD) докторы дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Қазақстан тарих кафедрасы, тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор



Ж.Р. Абишева

